



## ЗАМАНА ЖҮГІН АБЫРОЙМЕН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ



Сот саласындағы аса қадірлі әріптесімнің бірі, мәртебелі заңгер Нұрсерік Кәрімұлы Шәріповтің біздің ортамыздағы жолы да, жөні де бөлек.

Нұрекеннің атқарып жүрген кесек-кесек, қомақты істері, қарқынды аяқ алысы, қажыр-қайраты, тау қопарар тегеуріні мен жалындаған жігері таңдай қақтырмай қоймайды. Елдік істерді еңсеріп жүрген арда азамат та алпысты алқымдап қалған екен.

Нұрсерік Кәрімұлындай ардақты азамат уақыт сынағына төтеп беріп қана қоймапты, замана талабына сай қызмет атқарыпты; қоғамның зіл-батпан ауыр жүгін де белі қайыспай арқалапты. Қалай болған күнде де кім қалай сараптайды, бағалайды, өзі біледі, ал біздіңше, Нұрекен уақыт сыны мен замана сынақтарынан абыроймен өте білген, нардың жүгін мойнына артып алып, көтеріп жүре алған марғасқа азамат. Бұл міндет жүгінің қаншалықты ауыр салмақ екенін, басқа басқа, заң мен сот саласындағы әріптестер жақсы біледі.

Осы сіз бен біз ауасын жұтып отырған, бақыты мен қуанышымен бірге татқан, азабы мен қиындығына төзе білген, кең байтақ дала – шалқар кеңістіктегі мұрат-мүдделеріміз ортақ болатын болса, бір ақиқаттың алдында басымызды иеміз: ол – еліміз бен мемлекетіміздің алдында баршамыздың жауапты әрі борышты екеніміз, міндетті түрде өтелуге тиіс парызымыз бен қарызымыздың бар екені.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘКІМШІЛІК ТОСҚАУЫЛ БИЗНЕСТІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ КЕДЕРГІ



Жеке сектор арқылы экономиканы көтеру әлемдік тәжірибе. Жаһанның бәсекеге қабілетті елдерді сараптағанда бизнестің бәсекеге қабілеттілігі есепке алынады. Себебі, қуатты бизнес – экономиканың тірегі. Мәселен, Жапонияның дүниежүзіндегі бай елдердің қатарына қосылуына шағын және орта бизнестің қарқынды дамуының ықпалы зор. Күншығыс жұртында жеке сектордың үлесіне өндірісті өнімнің 50 пайызы кірсе, көтерме сауданың 60 пайызы тиеді екен.

## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Исатай СМАТОВ, Маңғыстау облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

## «СОТТАҒЫ ӘР БАСТАМА – ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС ПЕН ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ»

– Сот саласы елдегі әділдік пен заңдылықтың кепілі болғандықтан артылар жауаптылық үлкен. Бұл құрылымда үнемі жаңа реформалардың қолға алынып, жаңа бастамалардың жиі енгізілетіні де сондықтан. Саланы жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі қандай? Жаңашылдықтар сот жүйесіне серпін бере алып отыр ма?

– Қозғалыс бар жерде даму бар. Үнді елінің қайраткері Махатма Ганди айтқандай «Жеттім, толдым деген адамның дамуы тоқтап, міндетті түрде кері кетуі басталады». Ал мемлекет дамуының басты негізі саналатын сот саласында халықтың талабы мен қажеттілігін, заманның ілгерілеуі мен ізденісін басшылыққа ала отырып жаңалыққа, жақсы нәтижеге ұмтылу қалыпты үрдіс. Оның үстіне, қазақстандық соттың халықаралық талаптарға сай келіп,

азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауы керектігін Мемлекет басшысы да үнемі назарда ұстап келеді. Судьялардың IX съезінде сөйлеген Президенттің: «Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды», – деуі сот құрылымына артылған салмақтың қай кезде де жоғары болатынын дәлелдейді.

Соттағы жаңашылдықтар реформа үшін жасалған қадам емес, әр бастама – үздіксіз ізденістің, терең талдау мен тынымсыз еңбектің жемісі. Сондықтан да олардың нәтижесі оң. Кез келген реформаның түпкі мақсаты – құқықтық, зайырлы мемлекет орнатып, халыққа жайлы да қауіпсіз орта қалыптастыруға, азаматтардың құқығы мен бостандығын

мінсіз қорғауға бағытталған. Жүйелі реформа бір күнде жасалмайды. Жаңа реформалар – сөзсіз жаңа өзгерістердің бастауы. Жалпы алғанда бүгінгі күні қолға алынған реформалар «Күшті Президент, ықпалды Парламент, еститін Үкімет» ұстанымына негізделген.

Соңғы 5-6 жыл ішінде республикамыздың соттарында ауқымды революциялық өзгерістер орын алды. Заңнамаларды жетілдіруде, сот кадрларын таңдауда, сот процестерін цифрландыруда көп жұмыс жасалды. Сот отырыстарынан тікелей трансляцияның жүргізілуі – қазақстандық соттың сандық технологияны жетік меңгеріп қоймай, батыл қолдана алатынын жалпақ жұртқа көрсетіп берді.

– Әкімшілік әділет институты халықтың үмітін ақтады ма?

– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданып, мамандандырылған әкімшілік соттардың құрылуы – Президент тапсырма-

сының тиянақты орындалғанын көрсетеді. Қазақстанның сот саласына жаңалық болған сот төрелігінің жаңа саласы жеке және заңды тұлғалар мен әкімшілік органдардың арасында туындайтын дауларда әлсіз жақтың мүддесін қорғауға бағытталған. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қарапайым халық пен заңды тұлғалардың сотқа талап қоюды беруін әлдеқайда жеңілдетті.

Әкімшілік әділет институтының ерекшелігі жауапкер өз шешімінің, әрекетінің не әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге міндетті болып отыр. Бұл да қарапайым азаматтар мүддесінің басты орында тұрғанын нақтылайды. Әкімшілік сот шешімдердің орындалуын қатаң бақылауды ұстайды.

Заң мен тәртіпке бағынбағандарға ақшалай мәжбүрлеу шарасын қолданады. Бұдан бөлек әкімшілік процестің барлық сатысында тараптардың татуласуына мүмкіндіктің берілуі – азаматтар үшін де, қоғам үшін де пайдалы екені сөзсіз. Міне, осындай басымдықтар қарастырылған әкімшілік әділет институтының тиімділігіне азаматтар көз жеткізіп отыр. Қазіргі таңда азаматтар мен бизнес өкілдерінің соттарға деген сенімінің артқанын көрсеткіштерден-ақ байқауға болады. Бүгінде жылдан жылға әкімшілік талап қоюлар саны артуда.

– 2025 жылы ӘРПК-ге енгізілген эксаумақтық соттылықтың маңызы неде?

(Жалғасы 5-бетте)

4-бет

Қарызсыз қоғам бастауы – қаржылық сауаттылық

6-бет

Шымкент – инновацияның аймақтық тірегі

8-бет

Күластындағы шындық

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСҚОСУ

# ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТАДЫ

Қазақстан Жоғарғы Сот органының төрағасы Асламбек Мерғалиев Англия және Уэльс Жоғарғы Сотының төрағасы Баронесса Каррдың шақыруымен Лондондағы Вестминстер аббаттығында дәстүрлі түрде өтетін Заң жылының ашылу салтанатына қатысты.



ситетінің базасында қазақстандық судьялар мен сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ерекше атап өтті.

А.Мерғалиев ағылшын-саксондық құқықтық жүйе негізінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) сотының және арбитраж жұмысы туралы айтты. Ол Қазақстандағы сот реформасы соттардың тәуелсіздігін нығайтуға, сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейтуге және бұзылған құқықтарды қорғауға, ашық, қолжетімді және әділ сот төрелігін қамтамасыз ету үшін цифрлық және автоматтандырылған шешімдерді енгізуге бағытталғанына тоқталып өтті.

Халықаралық арбитраж мәселелерін талқылау барысында кездесуге қатысушылар АХҚО жұмысын және Қазақстанның сот жүйесінің трансформациясын атап өтті.

Кездесулер қорытындысы бойынша тараптар ынтымақтас-тықты кеңейтуге мүдделі екен-

Іс-шараға 60 елден 700-ге жуық адам қатысты, оның ішінде судьялар, жоғары лауазымды сот қызметкерлері, Королеваның кеңесшілері (барристерлер), министрлер, Еуропалық соттың мүшелері мен адвокаттар және Абу-Даби, Австралия, Бахрейн, Канада, ҚХР, Дубай, Франция, Жапония, Малайзия, Нидерланд, Катар, Сингапур, АҚШ және басқа елдердің заңгерлік қоғамдастығының, т.б. өкілдері қатысты.

Сапар барысында А.Мерғалиев ең беделді сот мекемелерінің бірі – Ұлыбританияның Корольдік сотында кездесулер өткізді. Ол халықаралық қатынастар бойынша жетекші судьялармен және Сот колледжінің өкілдерімен, сондай-ақ Коммерциялық соттардың тұрақты халықаралық форумының (SIFoCC) төрағасы лорд Джон Томаспен және судья Робин Ноулзмен, Черногория мен Швеция Жоғарғы соттарының басшылары Валентина Павличичпен және Андрес Экамен, Франция Кассациялық соты палатасының төрағасы Винсент Виньомен кездесті.



Қазақстан Жоғарғы Сотының төрағасы өз сөзінде Қазақстан мен Ұлыбритания біріккен корольдігі арасындағы әріптестік қатынастардың серпінді дамуын, екі елдің Жоғарғы соттарының құқықтық болжамдылық пен тұрақтылықты нығайтуға бейілділігін, қол қойылған меморандум аясында Дарем универ-

діктерін растады және бұл сапар Қазақстан-Британ құқықтық ынтымақтастығын дамытуға, сот төрелігі институтын нығайтуға, заң үстемдігі қағидаттарын ілгерілетуге елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

## КИЕ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУІ – МІНДЕТ

Мемлекеттік тіл – халықтың ұлттық құрамына қарамай мектеп және оқу орындарына оқыту, мәдениет, баспасөз бен байланыс орындарына, құқық қорғау мен әскери бөлімдерінде, сот істерін жүргізуде міндетті деп саналатын саяси құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл.

Оны жан-жақты дамыту және оның қолдану аясын кеңейту үшін мемлекет тарапынан белгілі бір уақытқа жоспарланған жан-жақты бағдарламалар жасалынуда.

Мемлекеттік тіл әрдайым мемлекеттің қорғауында және оның қамқорлығында болады.

Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін меңгерумен қатар, іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру – бүгінгі күннің өткір мәселесі, заман талабы. Әлемнің дамыған елдерінің қатарына кірерде де ел экономикасымен қатар, әлеуметтік мәселелерге, оның ішінде мемлекеттік тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлуіміз керек.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі 1993 жылғы Конституцияда бекітіліп, 1997 жылы тәуелсіз Қазақстанның «Тілдер туралы» заңы қабылданды.

Десе де, әр қазақ үшін отыз жыл бұрын қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берген заңның орны бөлек. Себебі, мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында барлық салада қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс

қағаздарын жүргізу тілі саналады.

Мемлекеттік тілдің негізгі әрі басты мәселелері Конституция жүзінде, «Тілдер туралы» заң жүзінде шешімін тапқанымен, күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғандай, тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру үшін оны әлі де жетілдіріп, толықтыра түсу қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік органда қызмет атқаратын болған соң және де мемлекет пен мемлекеттік тіл біртұтас ұғым болғаннан кейін әрбір мемлекеттік қызметшінің қазақ тілін білуі талап етілуі тиіс.

Мұндай талап заң жүзінде қойылмаса, мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасыздық әлі де жалғасын таба береді. Тек талап қойылғаны арқылы міндет белгіленген кезде бұл мәселе оңынан шешімін табады.

Сондықтан мемлекеттік тілді білу ҚР азаматының, соның ішінде мемлекеттік қызметшілер үшін міндет болуы тиіс. Қазақ тілін білмеу деген сөз мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне сын. Қолда бар заңдарымызды әрі қарай жетілдіріліп, «мем-



Анара ЖАКУЛИНА,  
Көкшетау қаласы  
мамандандырылған тергеу  
сотының бас маманы

лекеттік қызметші мемлекеттік тілді білуі міндет» деген бап енгізілмесе, қазақ тілін білмей-ақ мемлекеттік қызметке қабылдана беру жалғасын таба бермек. Сондықтан да мемлекеттік қызметшіге қойылар талап қатаңдалуы тиіс.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған.

Осы мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекеттік тілдің қолданылу өрісін кеңейту өз қолымызда. Тіл саясаты – ұлт болашағы екенін ұмытпайық.

## ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС

Осы күнде алаяқтықтың көбеюі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Алаяқтықтың түрлері мен әдістері әртүрлі, олардың барлығы азаматтарды алдап, жеке, қаржылық немесе басқа да маңызды ақпараттарын ұрлау, сондай-ақ қаржылық пайда тауып, зиян келтіруге бағытталған.

# ДРОППЕР – АЛАЯҚТАР КӨМЕКШІСІ



Алаяқтар алдаудың түрлерін үнемі жаңартып, жетілдіріп отырады. Бұл – олардың әрекеттерін тиімдірек етудің бір жолы. Солардың бірі – интернет алаяқтық.

Интернет алаяқтардың «көмекшілері» ол дропперлер. Дроппер деген кім? Дроппер немесе дроп – бұл алаяқтар ұрлаған ақшаны өзінің банк картасы арқылы өткізетін делдал адам. Олардың атына шоттар, карталар немесе электрондық әмияндар ашылып, сол арқылы қылмыстық жолмен алынған қаражат аударылады. Кейде карточкасын үшінші тұлғалар пайдаланғанын білмеген адам алаяқтық объектісіне айналуы мүмкін. Осылайша, дроп өзінің қылмыстық схемаға тартылғанын әрдайым түсіне бермейді, өйткені алаяқтар әдетте өз әрекеттерін «заңды бизнес» ретінде жасырады. Дропперді әртүрлі шоттар арасында заңсыз алынған ақшаны аудару үшін жалдайды. Бұл қылмыскерлерге іздерін жасыруға және тергеу жұмысын қиындатуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда алаяқтық аударымдар әртүрлі елдерде және әртүрлі адамдардың атынан жасалуы мүмкін. Дроппер өз жұмысы үшін банк картасы арқылы аударылған ақшаның пайызын ала алады.

Жастардың, тіпті егде жастағы адамдардың қылмыстық схема-ларға тартылып, делдал, яғни дроппер болу жағдайлары жиі кездеседі. Кейде бұл олардың өз еркімен жасалса, кейде сенгіштік пен ағалдықтың салдарынан орын алады.

Егер кімнің жиі дроппер болатыны туралы айтатын болсақ, онда бұл: мектеп оқушылары мен студенттер, қолайсыз отбасылардан шыққан адамдар, зейнеткерлер, мұқтаж азаматтар және алаяқтардың әрекетінен зардап шеккен адамдар. Қаскүнемдер азаматтардың бұл санаттары күшін, уақытын жұмсамай, тез ақша табуға мүдделі екенін, бірақ салдары туралы ойланбайтынын пайдаланады.

Әдетте, дропперлер қылмыскерлердің сыбайлас қатысушыларына айналады. Осы ретте олардың осындай заңсыз әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік көзделетіні туралы ескергендері жөн.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 16 шілдедегі заңмен, Қылмыстық кодекс 232-1-бабымен толықтырылды. Оған сәйкес: материалдық сыйақы және мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз беру – мүлкі тәркіленіп, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамқақ алуға жазаланады.

Осы әрекеттен айтарлықтай мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда табуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет болса – мүлкі тәркіленіп, үш мың

айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған осындай іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, төрт мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына банктік шотын не төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру – мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Айтарлықтай мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда алуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, үш мың АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ірі мөлшерде материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда табуға алып келген не оларды алу мақсатында жасалған іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, бес мың АЕК айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Заңсыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында банктік шотты не төлем құралын не сәйкестендіру құралын басқаруға қолжетімділікті заңсыз алу – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осыларды ескере отырып, азаматтарымызды үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну не оларды үшінші тұлғаға пайдалануға заңсыз беруден аулақ болуға шақырамын.

Жасұлан ДОСТИЯРОВ,  
Ұлытау облысының  
кәмелетке толмағандардың  
істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының  
төрағасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сол, сіз бен біз құрмет тұтатын ардақты алаш баласы – қасиетті қалың қауым бар, қаншама сыйлас орта бар; әріптес ағалар, апа-қарындастарымыз бар, солармен мұрат-мүддеміз ортақ болғанымен, мойындауымыз және салмақтай білуіміз керек деп ойлаймын, әркімнің өмірден алар еншісі де, татар сыбағасы да бөлек болады екен. Сонымен бірге, түсер табан жолы да бөлек екен, өзінің қалыптастыратын сонар-соқпағы, өзіне ғана тән бағыты мен бағдары бар екен. Осыны мен Нұрсерік Кәрімұлының еңбек жолдарынан жақсы аңғардым. Және ол жай ғана, әшейін қоңыртөбел байқалатын, елеусіз, сүреңсіз, самарқау, сылбыр кешіп өткен, мағынасыз жолдар емес, үнемі үздіксіз өсу үстіндегі, биік мақсатты, дүбірлі, тамаша табыстарға, ізденістерге толы, мерейлі шаттық, қуаныш сыйлаған жылдарға толы жолдар екен!

Осы арада Нұрсерік Кәрімұлының азаматтық келбетін аша түсу үшін өмір жолындағы бір қызықты фактіге назар аударғым келеді. Нұрекең өзінің балалық шағы Павлодар облысы, Ертіс ауданында өткенін, өзі қазақ ортада өскенімен, қазақша мектеп болмай орыс мектебінде оқығандығын, соған орай, балалық шағы орыс, украин, шешен, грек балаларымен тай құлындай тебісіп өткендігі туралы әңгімелейді. Бір жақсысы, осы фактор, біздің ойымызша, Нұрсерік Кәрімұлының өмір жолында маңызды рөл атқарған. Оның көпшіл болуы, кез келген ортаға сіңіп кетуі, республиканың әлеуметтік хал-ахуалын тамыршыдай сезініп, біліп отыруы қызмет жолына көп септігін тигізіп отырғанын әділдік үшін айтуға



мызда үлкен сыйластық, рухани жақындық орнады десем артық айтпаспын. Ол қай жерде жүрсе де өзін тек қана озық қырынан таныта білді, іскер ұйымдастырушы, білікті заңгер екенін дәлелдеді.

Тағы бір аңдағаным, ерінбейтін еңбекқорлығы. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанға қызметке келгенде, осында аяқсыз қалған сот ғимаратын қолына алып, тез арада бітіртті, Қарағандыға қызметке барғанда да тура осындай жағдай болды, сол жерде де өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін танытып еді. Нұрсерік Кәрімұлының жақсы қыры – менің міндетім, сенің міндетің деп, еншісін бөлек көрмейді. Ортақ міндет санап, кірісіп кетеді, заң мен сот істерін ортақ мүдделерден ажыратып қарамауға тырысып жүреді.

Сөз соңында, Нұрсерік Кәрімұлындай асқаралы алпысына толып отырған әріптесіме зор денсаулық, отбасылық бақыт, еңбегінің жемісті болуына игі тілегімді білдіремін. Әлі талай биікке жетіп, халқы мен әріптестерінің, отбасының алдында абырой биігінен көріне беріңіз.

Мына бір жүрекжарды өлең жолдарын әрі әріптес, әрі дос, жолдас ретінде алпыс жылдық мерейтойыңызға шашу етіп ұсынғым келеді:

#### АТА ЖОЛЫ – АМАНАТ!

Нұреке, құтты болсын алпысын,  
Алпыс деген өміріңнің талтүсі.  
Нұрсерікке күннің нұры құйылсын,  
Елең қылма, бұл өмірдің тартысын.

Өзің жансың, ысылған заң жолында,  
Ұстай білген заңның ісін қолында.  
Орындала берсін тілек аңсаған –  
не мақсат бар, не арман бар ойыңда.

Әбден пісіп, келдің бүгін бабыңа,  
Шықтың биік абыройлы тауыңа.  
Аллам сені сәттіліктен қаққан жоқ,  
Көтерілдің заң ісінің тағына.

Нұрсеріктен қалсын асыл ұлағат,  
Ізіне ерген, кетпес, сірә, тым ағат.  
Әлі талай еңбек сіңір, халқыңа,  
Ата жолы – бір өзіңе аманат!

**Досжан ӘМІР,  
ҚР Судьялар одағының төрағасы**

# ЗАМАНА ЖҮТІН АБЫРОЙМЕН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

тиіспіз. Сондықтан, оған қазақша оқымай, орысша оқыған деп айып тағуымыз орынсыз. Өйткені ол қандай ортада тәрбиеленіп өссін, өз отанының патриоты болып қалды. Өзінің ұлты мен тарихын, салты мен дәстүрін қадірлеп, туған тілін құрметтеуі, өзінің өзгелер үшін қолайсыз, тиімсіз ортадағы тәрбиесін, керісінше, пайдалы бағытқа жарата білуі өзіне бөлек қалпын, ұшқыр ойын танытатын сияқты.

Үнемі биік талапты мүдделермен көзге түскен Нұрекең өзгелерге озық үлгі-өнеге көрсетіп, соған орай, қызмет дәрежесі де ғарыштық жылдамдықпен сатылап өсіп, биіктеп отырыпты. Әріптесіміз сонау 1988 жылы, өзімізбен қатарласа, қанаттаса оқу бітірген. Айырмашылығы – мен Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқысам, ол еліміздің ең ірі оқу ордасы – ҚазҰУ-ды бітірген. Әрине, Нұрекең екеуіміздің өмір жолымыз бен қызметіміз әртүрлі бағытта қалыптасты, дегенмен, жолымыз түйісіп қалатын ұқсастықтар жоқ емес. Мысалы, Нұрсерік Кәрімұлы да облыстық сот төрағалығы қызметтерін атқарды, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болды, осы жолдардан өзін де өткендіктен, Нұрекеңді мүдделес әріптесім, жақын пікірлесім деп санаймын.

Нұрекең еңбек жолын өзі оқыған оқу ордасынан, комсомол хатшылығынан бастап, 2022 жылы Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы дәрежесіне дейінгі мәртебелі, мазмұнды да мағыналы белесті жолдан өткен. Әрине, арасында қаншама абыройлы қызметтер атқарған. Өз басым, оның талай азаматтық, адамдық істері-

не сан мәрте куә болғанымды айтуға тиіспін. Жоғарыда жолымыздағы ұқсастықтар туралы айттым ғой, сондай-ақ жолымыздың түйіскен тұсы да аз болмапты.

Мен Маңғыстау облыстық сотының төраға-

лығына қызметке барғанда, сол арада құшағын жая қарсы алған Нұрсерік Кәрімұлы болатын. Өзіне сенімді, мығым денелі, ақжарқын азамат көзіме оттай басылып, бірден жылыұшырап еді. Содан бері екеуіміздің ара-

## ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

*Нұрсерік Кәрімұлы еңбек жолын 1988 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде комсомол комитетінің хатшысы болып бастады. Осы кезеңде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, көптеген маңызды іс-шараның басы-қасында жүріп, жас буынды тәрбиелеу мен ынталандыру ісінде айрықша белсенділік танытты.*

*1990 жылдан бастап С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әкімшілік құқық кафедрасының ассистенті қызметін атқарып, заң ғылымын терең меңгерумен қатар, оны шәкірттерге үйрету жолында еңбек етті. Сол жылдары аталған кафедрада қазақ тілінде дәріс оқыған алғашқы оқытушылардың бірі ретінде заң саласында мемлекеттік тілді дамытуға және насихаттауға сүбелі үлес қосты. 1992 жылы Нұрсерік Кәрімұлына мемлекеттік деңгейдегі маңызды қызметтер сеніп тапсырылып, ол ҚР Президенті Аппараты мен Министрлер кабинетінің азаматтық және рақымшылық жасау жөніндегі бөлімінің референті лауазымына тағайындалды. Ал 1995 жылдың наурыз айынан бастап ҚР Президенті аппаратының рақымшылық жасау бөлімінің аға референті ретінде жауапты мемлекеттік міндеттерді абыроймен атқарып, өзінің іскерлігін, жауапкершілігін және принципілігін айқын көрсетті.*

*Әрі қарай Н.К. Шәріпов өзінің еңбек жолында сот жүйесінде судья болып, халыққа әділ қызмет көрсету міндетін таңдады. Бұл жолдың ұзақ та күрделі екендігі анық. Дегенмен де, ешқашан бұл қиындықтардан қорықпай, керісінше, әрбір қиындықты жеңу үшін өз күшін аямады. 1995 жылы Алматы қаласы Фрунзе аудандық халық сотының судьясы болып сайланып, 2007 жылға дейін осы қызметті абырой-*

*мен атқарды. Әрбір істі терең зерттеп, әділ шешім қабылдаудағы тәжірибесі Нұрсерік Кәрімұлын биік белестерге көтерді.*

*2007–2008 жылдары Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы, 2008–2010 жылдары Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, 2010–2012 жылдары Маңғыстау облыстық сотында Апелляциялық сот алқасының төрағасы қызметтерін атқара отырып, өңірлерде сот жүйесінің беделін арттыруға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты.*

*2012–2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы ретінде өңірде сот реформаларының тиімді жүзеге асырылуына зор ықпал етті. 2017–2018 жылдары ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы бола отырып, еліміздегі сот әкімшілігінің сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ете білді.*

*2018–2021 жылдары Қарағанды облыстық сотының төрағасы қызметінде де әділдік пен ашықтық қағидатын ұстанып, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту жолында аянбай еңбек етті.*

*2021 жылы ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ал 2022 жылдың қаңтар айынан бастап Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы ретінде еліміздің ең жоғары сот инстанциисында маңызды шешімдер қабылдауға басшылық жасап келді. Бұл қызметте Н.К. Шәріповтің басқарушылық қасиеттері, әділдігі мен мол тәжірибесі сот жүйесін жаңа деңгейге көтерді. Күрделі мәселе туындағанда Нұрсерік Кәрімұлы әрдайым салмақты да дұрыс шешімдер қабылдап, халықтың сенімін арттыруға бағытталған табанды еңбегімен елдің құрметіне бөленді.*

## МӘСЕЛЕ

**Парламент Сенатының жалпы отырысында депутаттар бірқатар мәселе көтеріп, өз сауалдарын жолдады.**

Мәселен, сенатор Амангелді Есбай мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарда IT мамандарының жалақысын өсіруді ұсынды. Есбай мырзаның айтуынша, жауапкершілігі жоғары болуына қарамастан, олардың жалақысы төмен болып отыр. Бұл ахуал нарық жағдайына сәйкес келмейді және маман тапшылығына әкеледі. Мәселен, жекелеген өңірлерде 2025 жылдың алғашқы сегіз айында қызметкерлердің 30%-ы жұмыстан кеткен. Тұрғын үйді жалға берудің өтемақысына қатысты жағдай тіпті сын көтермейді. Жоғары аудиторлық палата тексергеннен кейін қызметкерлерден 500 мың теңгеге дейін кейін қайтаруды талап етуде. Бұл табысы төмен мамандардың жағдайын одан әрі нашарлатады.

Депутат сонымен қатар бухгалтер-экономистердің жалақысының төмендігіне де назар аудартты. Мемлекеттік мекемелердің қаржы тұрақтылығы мен бюджеттік тәртібін қамтамасыз ететініне қарамастан, олардың жалақысы өте төмен. 160-тан 175 мың теңгеге дейін ғана. Бұл ел бойынша орташа деңгейден едәуір аз. Сонымен қатар, бұл мамандар жұмысының жауапкершілігі өте жоғары, ал жи-

берілген қателіктер үшін олар материалдық және заңды жауапкершілік арқалайды. Ауылдық жерде мамандарды ұстап қалу үшін қосымша әлеуметтік қолдау шараларын енгізу, сондай-ақ олардың мәртебесін арттыруға бағытталған кешенді шараларды қолға алу қажет.

Ал депутат Нұрия Ниязова балалар алаңдары мен аттракциондардың қауіпсіздігін реттеудегі олқылықтарға алаңдаушылық білдірді. 2025 жылдың жазында Алматы мен Ақтауда болған қайғылы оқиғалар ойын алаңдары мен аттракциондардың жабдықтарын пайдалануды реттеудегі елеулі олқылықтарды анық көрсетті.

Сенатор Нұрия Ниязова өзінің депутаттық сауалында осы мәселені жүйелі түрде шешу қажеттігіне көпшілік назарын аудартты. Депутаттың айтуынша, қозғалған қылмыстық істер мен тексерулерге қарамастан, қолданыстағы заңнама тиісті дең-



гейде қорғауды қамтамасыз ете алмай отыр. Бүгінгі таңда техникалық регламент ережелері 2017 жылдан кейін енгізілген жаңа аттракциондарға ғана қолданылады, ал ескі жабдық міндетті реттеуден тыс қалады. Сондай-ақ аттракциондардың бірыңғай тізілімі, оларды

пайдалану ережелері және қызмет көрсетуші адамдардың біліктілігіне қойылатын талаптар жоқ.

Сенатор бұл олқылықтарды шұғыл түрде жою қажеттігін атап өтіп, ойын алаңдары мен аттракциондардың жабдықтарын пайдаланудың міндетті ережелерін әзірлеуді, цифрлық тізілім жасауды, бірыңғай уәкілетті органды айқындауды, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету мен куәландыруға қойылатын талаптарды белгілеуді ұсынды.

Осы жайлы айта келіп, Ниязова ханым «Занды бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейтуді ұсынамын. Мемлекеттік органдар қысқа мерзімде 2025–2027 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеп, тиісті ережелерді бекітуі қажет. Тек осылай ғана біз қайғылы оқиғалардың қайталануын жоққа шығарып, балаларымызға қауіпсіз балалық шақты қамтамасыз ете аламыз», – деді.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘКІМШІЛІК ТОСҚАУЫЛ БИЗНЕСТІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ КЕДЕРГІ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Қазіргі таңда Жапония шағын және орта кәсіпорындар бойынша жалпы ұлттық өнімнің 73 пайызына ие болып отыр. Бұл ел бұған кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің арқасында қол жеткізді. Қазақстанда да бұл тұрғыда атқарылып жатқан шара аз емес. Десе де проблемалар да баршылық. Солардың бірқатары Мәжілісте депутаттардың Үкімет басшысына, құзырлы орын жетекшілеріне жолдаған депутаттық сауалдарында айтылды.

Кәсіпкерлер үшін мемлекеттік сатып алу шараларына қатысуда кедергі бар. Мұны жиында «Ақжолдық» депутаттар Үкімет басшысына жолдаған сауалында назарға салды. Осы мәселені шешу үшін Президент 2024 жылғы 8 мамырдағы «Экономиканы либерализациялау шаралары туралы» жарлығында меншік түріне қарамастан барлық кәсіпкерлерге тең мүмкіндік жасау міндетін қойып, бұл үшін мемлекеттік сатып алуда «сары беттер» қағидаты енгізілген болатын. Оның мәні – егер жеке кәсіпкерлік субъектілерінен кемінде екі өтінім түссе, мемлекеттік компаниялардың өтінімдері қабылданбайды. Осы талаптарды орындау мақсатында «Ақ жол» партиясы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңға түзету енгізді. Бұл жаңа талап бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдері болған жағдайда, мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, сондай-ақ акциялар үлесінің 50 пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар конкурс рәсімдеріне қатыса алмайды. Веб-портал мұндай квазимемлекеттік ұйымдардың өтінімдерін автоматты түрде қараусыз қалдырады. Бұл түзету Парламент тарапынан қолдау тауып, заңда бекітілді.

Алайда, Қаржы министрлігі 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында заңға формальды түрде сілтеме жасағанымен, іс жүзінде талапты тарылып жіберді. Министрлік квазимемлекеттік компанияларға тек тікелей акционерлер арқылы баға беруді енгізді, яғни Үкімет, Мемлекеттік мүлік комитеті, мемлекеттік органдар немесе әкімдіктер ғана есепке алынды. Соның салдарынан, «Самұрық-Қазына» қорының компаниялары бұл шектеуге іліккен жоқ. Олар тағы да мемлекеттік сатып алуға қатысып, жеке бизнеспен жағаласып отыр. Бұл әрине бизнес үшін үлкен кедергі. Мұндай үрдісте жеке кәсіпкердің мүмкіндігі шектеулі болары сөзсіз.

Сонымен қатар импорттық шикізатты кедендік ресімдеудегі жинақталған проблемалар да отандық өндірушілер мен бизнестің дамуына айтарлықтай тосқауыл болуда. Бұл жайында депутат Айдос Сарым Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге жолдаған депутаттық сауалында егжей-тегжейлі айтты. Оның сөзінен түйгенімді кәсіпкерлер тұрақты сипат алған қиындықтарға наразы. Олардың айтуынша, ашық, түсінікті және нақты реттеулер жоққа тән. Тауарлар жүйесіз бөлінеді. Ал, оларға жасалуға тиіс сараптама

тауардың кепілдендіру мерзімінсіз аптаға, кейде айға созылады. Мұндай белгісіздік шикізатты сақтаудан және өндірістік қуаттылықтың тоқтап қалуынан болатын тікелей шығындарды қоса алғанда, көптеген жағымсыз салдарға әкеледі. Нәтижесінде келісімшарттар бұзылады, айыппұлдар есептеледі және іскерлік бедел жоғалады, қосымша шығындар есебінен өнімнің өзіндік құны өседі, сонымен қатар бизнестің бәсекеге қабілеттілігі төмендейді. Кідіріс әсіресе, тез бұзылатын тауарлар мен тұрақты өндірістік цикл үшін маңызды нақты шикізат үшін қауіп төндіреді. Кәсіпорын – бұл адамдар, отбасылар, жалақы мәселесі. Уақытша сақтау қоймасы үшін күтпеген қосымша шығындарды кім көтереді? Мұның бәрі дайын өнімнің құнына түседі. Бұл әкімшілік тосқауыл өндіріс саласындағы шағын бизнесті тежейді. Президент экономиканы жаңғыртудың негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың барлық рәсімдерінің ашықтығы мен жеделдігін көздейтін жасанды интеллект технологияларын ауқымды цифрландыру және енгізу екенін мәлімдеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Айдос Сарым Қаржы министрлігі тарапынан отандық тауар өндірушілер үшін импорттық шикізатты тазарту тетігін оңайлату жөнінде жүйелі шаралар қабылдауы қажеттігін атап көрсетті.

Бизнесмендер үшін тағы бір толғақты мәселе салық салудың міндетті шешімдерін алдын ала алу тетіктерінің жоқтығы. Кәсіпкерлер транзакциялардың салықтық салдарларының белгісіздігінен елеулі қаржылық шығындарға ұшырайды. Мұның бәрі Қазақстанның бизнес-климатына теріс әсер етеді. Жиында бұл мәселені Мәжілістегі «Қазақстан халқы партиясы» фракциясы атынан депутат Магерман Магерамов көтерді. Сайлаушылармен кездесулер барысында салықтық қаулыларды енгізу қажеттілігі – салық төлеушілерге жоспарланған операциялар бойынша салық органдарынан міндетті шешімдерді алдын ала алуға мүмкіндік беретін және салық заңнамасын қолдануда құқықтық анықтықты қамтамасыз ететін тетіктің қажеттігін көп айтыпты.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мәліметтері бойынша салықтық шешімдер 120-дан астам елде табысты жұмыс істейді және бұл жетілген салық әкімшілігінің белгісі. Қазақстанда міндетті салық шешімдерін алу тетіктері жоқ. Осының салдарынан салықтық даулар мен сот процестері өсіп, заңға қайшылық туындап, елдің инвестициялық тартымдылығының төмендеуі, адал салық төлеушілер үшін салық тәуекелдерінің артуы орын алуда. Салықтық реттеуді енгізу салықтық әкімшілендіруді жетілдірудегі маңызды қадам болады және кәсіпкерлікті дамыту мен Қазақстан экономикасына инвестиция тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді. Сондықтан салық жүйесін енгізудің кезең-кезеңімен жол картасы дайындалсын деп бекітілуі керек.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»**

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

## ЖЕТІСУДА ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Жетісу облысындағы өнеркәсіп жұмысының қаңтар-тамыз айларындағы негізгі көрсеткіштеріне көз жүгіртер болсақ өңірде 60 өндіріс орны барын көруге болады. Бұлар қызметкерлерінің саны 100 адамнан асатын, өндіріс көлемі 1 млрд теңгеден жоғары кәсіпорындар. Олардың өндірген өнеркәсіптік өнімінің жалпы көлемі – 247,5 млрд теңгені құрайды. Оның 182,7 млрд-ы өңдеу өнеркәсібіндегі 26 кәсіпорынның үлесінде.

Егер оның құрылымына кеңірек тоқталатын болсақ, өндірілген өнімдердің үштен бірі тамақ өнеркәсібіне қатысты екенін байқауға болады. Мұндағы 10 кәсіпорын сүт (5), өсімдік, мал және тоңмай (3), ұн жарма, крахмал (1) және жануарларға арналған дайын азықтар шығарады. Атап айтқанда сүт кәсіпорындары 13,7 млрд теңгенің; өсімдік, мал және тоңмайын өндіретін кәсіпорындар 11,1 млрд теңгенің; ұн, жарма өнімдері, крахмал және крахмал өнімдерін өндіретін кәсіпорын 7,1 млрд теңгенің; жануарларға арналған дайын азықтар өндіретін кәсіпорын 1,3 млрд теңгенің өнімін өндірген.

Осы арада айта кететін бір мәселе қызметкерлерінің саны жүзден аспағанмен тамақ өнімдері саласында өнімді жұмыс жасаған бизнес субъектілері де жеткілікті.

Енді заттай көріністегі өнеркәсіптік өнімдердің өндірісі көрсеткішіне талдау жасайтын болсақ, биыл Жетісу облысында 575 тонна ет және тағамдық қосымша



өнімдер өндірілген. Бұдан бөлек 158 тонна ұй құсының жас немесе тоңазытылған еті, 126 тонна жас немесе тоңазытылған тауықтар (балпапандарды қоса), куркетауықтар, үйректер, қаздар және мысыр тауықтары, ұшалар. 43 тонна еттен, етті қосымша өнімдерден немесе жануарлар қанынан жасалған дайын және консервіленген өнімдер өндірілді. Сондай-ақ 10 тонна шұжықтар және осыған ұқсас еттен, етті қосымша өнімдерден немесе жануарлар қанынан жасалған өнімдер шығарылды. Жас, тоңазытылған немесе мұздатылған балық 327 тоннаны құрады. Басқа тәсілмен дайындалған немесе консервіленген балық; уылдырық және оның алмастырғыштары 69 тонна болды. Жеміс шырындары 108,5 мың литрді, тазартылған және тазартылмаған өсімдік майы 8040 тоннаны құрады. Өңделген сұйық сүт және кілегей 17815 тонна, қатты түрдегі сүт 245 тонна, сары май және сүтті спредтер (паста) 706 тонна; ірімшік және сүзбе 1743 тонна болды. Өзге

де ұйытылған немесе ашытылған йогурт, сүт және кілегей 7583 тонна, балмұздақ және өзге де азықтық мұз 33 тоннаны құрады. Жартылай немесе толық ақталған, тазартылған немесе уатылған күріш 62 тонна болды. Дәнді және өсімдік дақылдарынан жасалған ұн, олардан май-

да тартылған ұн қоспалары 9426 тоннаны құрады. Түрлендірілгеннен басқа крахмалдар 19233 тоннаны, жаңа піскен нан 9467 тоннаны, пирожныйлар және кондитерлік ұннан жасалған өнімдер 240 тонна болды. Кепкен нан және печенье; ұзақ уақыт сақтауға арналған кондитерлік өнімдер және тәтті тоқаштар 590 тоннаны құрады. Құрақ немесе қызылша шикі қанты немесе тазартылған қанты 68947 тонна болды. Бұдан бөлек еттен (ұй құсының етін қоса алғанда), етті қосымша өнімдерден немесе жануарлар қанынан жасалған жартылай фабрикаттар 32 тонна, ауылшаруашылық жануарларына арналған дайын азықтар, жоңышқадан жасалған ұн мен түйіршіктерден басқа 46123 тоннаны құрады. Сонымен қатар 36,9 мың литр сыра, 96 мың литр минералды және газдалған тәттілендірілмеген және хош иістендірілмеген сулар, 88 мың литр өзге де алкогольсіз сусындар өндірілді.

**Қ.ЕРМЕКОВА,  
«Заң газеті»**

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Елдегі әр екінші азаматтың мойнында несие бар. Ал 1,5 миллион адамның банк шоты берешекке байланысты бұғатталған. Ресми деректерге сүйенсек, халықтың жалпы қарызы 26 триллион теңгеден асып жығылады. Көпшілігі тапқан табысын алдымен несиеге төлейді, ал күнделікті шығынға әрең жеткізеді. Кейде амалсыздан тағы да қарыз алуға мәжбүр болады.

## ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ БАСТАУЫ – ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



Осындай қарыз қамытына түскен халық қиын жағдайда өмір сүріп жатыр. Бұл әлеуметтік түйткілдің шешімі неде?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында азаматтардың қаржылық сауатын арттырудың маңызы туралы айтты. Президент халықтың мойнындағы қарызды азайту ғана емес, азаматтардың табысы тұрақты болуын қамтамасыз ету қажеттігін мәлімдеді.

Сондай-ақ ол «Amanat» партиясының бастамасымен қолға алынған «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет екенін ерекше атап өтті. Партия хатшысы Эльдар Жұмағазиев жобада мәселені бір реттік шарамен емес, жүйелі түрде шешіп отырғанына назар аударды. Яғни, халықтың қаржылық сауатын арттырады, алаяқтардан қорғайды, бизнеске жол ашады.

«Біз «жалақы – төлем – жаңа қарыз» шеңберін бұзып жатырмыз. «Қарызсыз қоғам» жобасы адамға үш түрлі тірек болып отыр: білім беру, құқықтық тұрғыда қорғау, берешекті өтудің ыңғайлы жаңа кестесін әзірлеу. Президент жобаны жалғастыру жөнінде нақты міндет қойды. Біз үшін оқу сертификаты емес, нәтиже маңызды. Отбасылар қарыз шеңберінен құтылып, күштірек және несиеге өмір сүрмеуге тиіс», – деді ол.

«Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев бастаманың ауқымдылығын және азаматтар алдындағы жауапкершілік туралы сөз қозғады. Оның айтуынша, биыл ақпан-тамыз айлары аралығында 110 мыңнан аса адам заңгерлік көмек алған. Ал Call-орталыққа күн сайын 3 мыңға жуық қоңырау шалынады. Астана қаласындағы кеңсесінде 40-қа жуық заңгер жұмыс істейді, өңірлерде тағы ондаған маман еңбек етеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жобамызға бірнеше рет қолдау көрсетті. Оның әрбір айтқан сөзі біз үшін үлкен жауапкершілік. Былтырдың өзінде 845 мың адамға көмек көрсеттік, ал биыл 1 млн отандасымызды қамтығымыз келеді», – деді Д.Мұқаев. Сондай-ақ жоба жетекшісі «Қарызсыз қоғам» жобасы цифрлық құралдарды белсенді енгізуде үлес қосатынын айтты. Мәселен, жасанды интеллект элементтері бар қанатқақты жүйе азаматтар шалған қоңырауды өңдеуге және тиісті маманға қосуға, кездейсоқ қоңырауларды анықтауға, қолдау көрсетуді қажет ететін адамдарды адвокаттарға жолдауға көмектеседі.

Өз кезегінде, «Қарызсыз қоғамның» атқарушы директоры Олжас Ордабаев жоба қарапайым кеңес беру шеңберінен шығып, азаматтарды толғандырған мәселе бойынша істің бас-аяғына дейін қолдау көрсететін толыққанды жүйеге айналғанын жеткізді. Мамандар телефон арқылы талап-арыздар

әзірлейді, ЭЦҚ алуға көмектеседі, банкроттықты рәсімдеу кезінде азаматтарға қолдау көрсетеді, ал алаяқтық фактілері анықталған кезде материалды Қаржылық мониторинг агенттігіне және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жолдайды. «Биылдың өзінде жалпы қарыз жүктемесі 28 млрд теңгені құрайтын 40 мыңнан аса адам жүгінді. Мамандардың араласуы арқылы миллиард теңгеден аса берешекті есептен шығаруға немесе қайта құрылымдауға мүмкіндік пайда болды. Бірде айыппұлдар мен өсімпұлдар алынып тасталды, енді бірде төлем кестелері түзетілді. Бұл жай ғана сандар емес, келер күнге деген сенімін қалпына келтірген адамдардың тағдыры», – деді О.Ордабаев. Жалпы, жобаның оқу бөлігіне ерекше көңіл бөлінеді. Қарыздан құтылу, сауатты бизнес-жоспар әзірлеу және грант бағдарламаларын пайдалану туралы 24 онлайн-сабақ әзірленген. Оқудан соң жеңілдікпен несие берілетін «Ауыл аманаты» жобасы арқылы көп адамға қолдау да көрсетіледі. Осылайша, олар жеке кәсібін ашады. «Негізі қаржылық сауат мектептен бастап қалыптасуы қажет. Қазіргі уақытта біз қаржылық сауат туралы жеке пән пайда болуы үшін арнайы оқу құралдарын әзірлеу жұмысын жүргізіп жатырмыз. Бұл – әр балаға қажет дағды», – деді «Қарызсыз қоғамның» атқарушы директоры. Жоба заңгерлері күн сайын түрлі жағдайға тап болады. Жоба заңгері Нүркен Серізбай сот орындаушысы бір әйелдің барлық жалақысын ұстаған жағдайды еске түсірді. Жалпы, заңға сәйкес қаражат өндіру қадамы табыстың жартысынан аспауы керек. Жоба командасы жедел шағым әзірлеп, заңсыз есептен шығарылған қаражатты қайтарды. Бүгінде қарыздарды қайта құрылымдау рәсімі жалғасып жатыр. Бұл оқиғалар «Қарызсыз қоғам» жобасы тек статистика мен ауқымды цифрларға иек артқан бастама емес екенін дәлелдей түседі. Әрі қаражатты заңсыз ұстап қалу фактісінің алдын алу, сот арқылы қарыз жүктемесін азайту сынды жоғарыда айтылған мысал әр істің артында сенім мен әділдікті қалпына келтірген адамдар тұрғанын көрсетеді. Ал қарыз қамытын киген жұрт үшін бұл – өмірді жаңа парақтан бастау мүмкіндігі. Айта кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы осыдан екі жыл бұрын 12 банктің және 11 мемлекеттік органның қолдауымен басталды. Сарапшылардың дәрісінен бөлек, жобаға қатысушылар enbek.kz порталына тіркелу және ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттық кезінде көмектесу және берешекті өтеу кестесін әзірлеуге дейінгі түрлі сұрақ бойынша кеңес алады. Бастысы – барлық кеңес тегін.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»**

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Иә, 2025 жылдың 1 наурызынан бастап кодекске жаңалық енгізілген болатын. Ол – әкімшілік талап қоюлардың эксаумақтық соттылық бойынша қаралуын қамтамасыз етуге бағытталған. Яғни, заңда белгіленген істердің жекелеген санаттарының қаралу тәртібін қоспағанда, талап қоюшы сотқа әкімшілік талап қоюды жолдай отырып, соттың іс жүргізуіндегі әкімшілік істер бойынша, әкімшілік істі сот талқылауына тағайындағанға дейін эксаумақтық соттылықты таңдайтыны жөнінде өтініш бере алады. Эксаумақтық соттылықты таңдау талап қоюшыға бірқатар мүмкіндік береді. Соның ішінде талап қоюшыға қолайлылық туғызып; жауапкер тарапынан қысым қаупін төмендетеді.

Алайда талап қоюшы нақты бір әкімшілік сотты таңдай алмайтынын ескеру керек, себебі талап қоюшының өтініші негізінде әкімшілік іс «Төрелік» ақпараттық жүйесі бойынша автоматты түрде бөлінеді және осы негізде соттың ұйғарымы шығарылады. Сонымен қатар, эксаумақтық соттылық барлық істердің санатына қолданыла бермейтінін атап кеткен жөн. ӘРПК-нің 107-бабының бірінші бөлігінің екінші абзацында белгіленген талапқа сәйкес эксаумақтық соттылық осы кодекстің 102-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген инвесторлардың дауына, 103-бабындағы әскери соттардың соттылығына жататын істерге, 105-бабының бірінші бөлігімен көзделген ҚР Жоғарғы Соты бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне, Орталық референдум комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істерге, 106-бабының екінші және үшінші бөліктеріндегі тәртіппен қаралуға жататын Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде шығарылған әкімшілік актілерге және электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік актілерге дау айту туралы істерге қолданылмайды.

2025 жылдың наурыз айынан бастап басқа өңірлерден 20 әкімшілік талап қою эксаумақтық соттылық бойынша келіп түскен және Маңғыстау соттарында 5 әкімшілік талап қою эксаумақтық соттылық бойынша жолданған. Эксаумақтық соттылық – сотқа деген сенімді нығайтады.

– **Әкімшілік соттарда қандай шағымдар жні қаралады?**

– Маңғыстау облысының соттарында сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне берілетін даулар, мемлекеттік сатып алудан туындайтын даулар көбейген. Алдыңғы жылмен салыстырғанда салық, жер, тұрғын үй қатынастарынан туындайтын даулар бойынша түскен талап қоюлар әлі де басым. Осы даулар бойынша шығарылған сот шешімдерінің басым бөлігі азаматтар мен кәсіпкерлердің пайдасына шешілуде.

2025 жылдың тоғыз айында барлығы 798 әкімшілік талап қою түскен, оның ішінде 252 сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне берілген талап қоюлар, былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 54 әкімшілік талап қоюға көбейген, 118 мемлекеттік сатып алудан туындайтын даулар бойынша талап қоюлар, былтырғы жылмен салыстырғанда 36 талап қоюға көбейген, салық даулары бойынша талап қоюлар 14 азайғанымен әліде басым түсуде.

Талап қоюлардың өсуіне жол бермеу, заң талаптары мен қалыптасқан сот тәжірибесін түсіндіру мақсатында жеке сот орындаушылармен, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы органдармен, мемлекеттік кірістер органдарымен, Маңғыстау облысының аумағында орналасқан квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің қатысуымен дөңгелек үстел, семинарлар өткізіліп келеді және сот тәжірибесіне талдаулар жасалды. Кемшілікті жою үшін сот отырыстарын әкімшілік органдар басшыларының қатысуымен өткізу тәжірибесі жолға қойылды.

– **Мемлекеттік сатып алу, салық саласындағы даулардың көбеюіне не себеп болып отыр?**

– Сот тәжірибесі көрсеткендей мемлекеттік сатып алудан туындайтын дауларға қатысты талап қоюлардың өсуіне себеп әртүрлі. Соның бірі мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторлардағы сатып алуларға байланысты түсетін талап қоюлар «Төрелік» ақпараттық жүйе-



Исатай СМАТОВ, Маңғыстау облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

## «СОТТАҒЫ ӘР БАСТАМА – ҮЗДІКСІЗ ІЗДЕНІС ПЕН ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ»

сінде бір есеп жолында тіркелуімен негіздеуге болады. Бұл санатқа мемлекеттік сатып алулардан туындайтын дауларды, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы тізіміне енгізу туралы бұйрықты даулау, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуларды өткізуден туындайтын дауларды, Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесін енгізу туралы бұйрықты даулау бойынша даулар кіреді. Осы санат бойынша 2025 жылдың тоғыз айында барлығы 118 талап қою түскен, оның 51-і шешім шығару арқылы аяқталса, 25-і қанағаттандырылып, 26-ы қанағаттандырудан бас тартылған.

Әлеуметтік мәселелерді қозғайтын, оның ішінде білім беру саласындағы балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша істер саны көбейген. Аталған санаттағы істерде тапсырыс берушінің шағымы бойынша шешімі даулануға жатады. Мысалы, көбіне конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім беруші конкурстық комиссияның берілген балымен келіспей шағым келтіреді. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру Оқу ағарту министрімен бекітілген қағида негізінде жүзеге асырылады. Осы қағидада әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп жарияланған және шартқа сәйкес ағымдағы конкурсты өткізу кезеңінде басқа мектепте қызмет көрсетіп жатса, сол конкурстарда әлеуетті өнім беруші ұсынған аспаздардың болуы туралы мәліметтерді ұсынған кезде конкурстық комиссия балл қоймайды делінген. Бұл өзгеріс министрліктің 2023 жылы бір аспазды барлық мектептермен ұйымдастырылған конкурстарға қатысуға жол бермеу, балаларды сапалы тамақтандыру, улану фактілерін болдырмау мақсатында енгізілген. Алайда, сот тәжірибесінен көрініп тұрғандай конкурстық комиссия бұл қағиданы әлі де ескермей, негізсіз балл беріп жатады. Осыдан келіспеушіліктер туындайды.

Сонымен қатар, Маңғыстау облысы аумағында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың көп орналасуына байланысты олармен ұйымдастырылған тендердің қорытындысымен келіспеушіліктен туындайтын даулар да аз емес, даудың көптігін осымен де негіздеуге болады.

Салық даулары бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар, камералдық бақылау нәтижесі бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалма-

ды деп тану туралы шешімдер, салықтық тексерісті тағайындау туралы нұсқамалар, тексеру нәтижелері бойынша хабарламалар дауланып жатады. Салық органдары тексеріс тағайындау кезінде ӘРПК талаптарының бұзылуына жол береді. Мысалы, рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік бермейді, тыңдау өткізбейді және Салық заңнамасында көзделген хабарламаны жіберу мерзімі сақталмайды. Бұл бұзушылықтар әкімшілік актінің заңсыздығына алып келеді және даудың туындауына жол береді.

Мұндай даулардың санын төмендету, жіберілген кемшіліктерге қайтадан жол бермеу мақсатында соттар әкімшілік органдарға қатысты жекеше ұйғарымдар шығарады. Соттың жекеше ұйғарымын орындамағаны үшін ақшалай өндіріп алуды қолдану тәжірибесі қалыптасқан. Мысалы, талап қоюшы жеке кәсіпкер жауапкердің шағымы бойынша әкімшілік органның шешімін заңсыз деп тану, қорытынды хаттамасының күшін жою туралы талаппен жүгінген, талап қанағаттандырылып іс бойынша жекеше ұйғарым шығарылып, Ақтау қаласының білім бөліміне орындау үшін жолданған. Алайда, жекеше ұйғарым бір ай мерзімде орындалмаған. Осыған байланысты, білім бөлімінің басшысына 50 АЕК мөлшерінде, 196 600 теңге ақшалай өндіріп алу қолданылды, ұйғарым орындалып, республикалық бюджетке төленді. Сонымен қатар, сот шешімінің орындалуы соттың қатаң бақылауында. ӘРПК-нің 127-бабы 5-бөлігінің талабына сәйкес соттың шешімін орындамағаны үшін жауапкерге елу АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады. 2025 жылы соттың шешімін орындамағаны үшін төрт әкімшілік іс бойынша ақшалай өндіріп алу қолданылды.

– **Сот орындаушылар әрекетіне байланысты шағымдардың да азаймай отырғаны алаңдатады. Атқарушылық өндірістегі кемшілік сот бөделіне тікелей әсер ететіндіктен бұл мәселені шешу кезек күттірмесі анық?**

– Әрине, азаматтар сот актілерінің орындалуына қарап сот жұмысына, мемлекет қамқорлығына баға беріп жатады. Сондықтан сот орындаушылар жұмысын жандандыруға бәріміз мүдделіміз. Дегенмен, атқару құжаттарын орындау мәселесі бір күнде шешілмейтіні түсінікті. Сот орындаушылар арасында жұмысына салғырт қарайтындар, атқару құжаттарын жауаптылықпен орындамайтындар әлі де кездеседі.

Жалпы алғанда талап қоюларды қанағаттандыруға түрткі болатын негізгі себептер белгілі. Мәселен, сот орындаушылар жұмыссыз борышкерлердің алимент бойынша берешегін орташа айлық жалақы бойын-

ша есептеу кезінде, әр тоқсанның есептік көрсеткіштерін жеке-жеке алудың орнына, әрбір жылдың көрсеткішін жалпы алып жатады. Бұл өз кезегінде борышкерлердің материалдық жағдайын қиындатады, түрлі шектеулердің орын алуына түрткі болады. Сондай-ақ, талап қоюлардан байқалғандай, азаматтар сот орындаушылардың алимент бойынша берешекті уақытылы анықтамауына; атқару құжаты бойынша тиісті шараларды қабылдамауына; атқару өндірісі бойынша қаулыларды тараптарға уақытылы жолдамауына наразы болып, сотқа жүгініп жатады.

Сонымен қатар, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаның құрылтайшысы болып табылатын борышкерлердің алимент бойынша берешектерін таза табысынан емес, жалпы табысынан анықтау; өзінің жақын туысына қатысты атқару құжатын өндірісіне қабылдау; бұрын тоқтатылған атқару құжатын өндіріске негізсіз қайта қабылдау; атқару құжатын заңды күшіне енгеннен кейін бес күн мерзім өтпей қабылдау; атқару құжатын заңды күшіне енген сот шешімінсіз, өндіріп алушы өкілінің сенімхатынсыз

қабылдау; қызмет ақысын бекіту туралы қаулыны заң талаптарын бұза отырып шығару секілді сот орындаушылардың заңсыз әрекеттері де азаматтардың сотқа жүгінуіне себеп болуда. Әрине, мұндай көрер көзге байқалып тұрған құқық бұзушылыққа жол берген сот орындаушылар әрекетіне қатысты талап қоюды соттың қанағаттандыруы қалыпты жағдай.

Сондай-ақ, борышкерлер тарапынан соттың заңды күшіне енген актісін орындамау мақсатында құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттерге жол беріп жатады. Мысалы, ЖСО борышкердің шығыстары декларацияда көрсетілмегендіктен, шығысты есепке алмастан, борышкердің нақты табысы негізінде алименттік берешекті заңды түрде есептеген. Енді борышкер 8 жыл қатарынан алимент төлемегендіктен 50 162 365,75 теңге көлемінде алимент төлеуге міндетті. Яғни, осы жағдайда борышкер құқықтарын теріс пайдаланып жатыр дегуге де болады.

Қытай ойшылы Конфуций «Нағыз қате – өткен қателіктерді түзетпеу» деген екен. Сол айтпақшы, ешбір сала кемшіліктен ада емес. Тек сол кем-кетікті дер кезінде анықтап, түзей білген орынды. Осыған орай сот орындаушылары жұмысындағы қателікті ашық көрсетіп, бірге талқылау оң нәтиже береді деген ойдамын.

Заңды күшіне енген сот актілері заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және Қазақстанның бүкіл аумағында орындалуға жатады. Сондықтан ЖСО және оны орындауға міндетті борышкерлерде өз құқықтарын адал пайдалануға міндетті, сот орындаушылар атқарушылық іс өндірісінің тараптарының құқықтарын бұзбауға міндетті. Осы жағдайда азаматтар тарапынан жеке сот орындаушыларға қатысты шағымдар азаятынын айтуға болады.

– **Әкімшілік соттарда медиацияның қолданылуы қалай? Тараптар сот алаңында жні татуласа ма?**

– «Ұрыс болған жерде ырыс тұрмайды», «Бітіммен біткен істе береке бар» дегенді бағдар еткен халықпыз ғой. «Медиация туралы» заңның кең қолданысқа ие болуының сыры да

осында болса керек. Әкімшілік институтында жеке және заңды тұлғалар мен әкімшілік органдарға медиация тәртібімен татуласуға жол берілген. Сонымен қатар жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның Қазақстан заңнамасында белгіленген мақсаттарда және шектерде заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі. Сондықтан сот ең бірінші кезекте сот талқылауы барысында әкімшілік қалаудың бар-жоғын тексереді. Әкімшілік қалауы болса «Соттың белсенді рөлі» қағидатының негізінде, тараптарға алдын ала құқықтық пікірін білдіріп, талап қоюшылардың берген талап қоюын кері қайтарып алуына, оның ішінде даудың нақты шешілуіне және тараптардың татуласуына мүмкіндік жасайды.

2025 жылдың алты айында Маңғыстау облысында татуластыру рәсімімен аяқталған әкімшілік істер 14,5% құраған. Сот тәжірибесі көрсеткендей мемлекеттік кірістер органдары әлі де істі татуластыру рәсімдерімен аяқтаудан бас тартып жатады. Соттың алдын ала құқықтық пікіріне құлақ аспайды, қалыптасқан сот тәжірибесін әлі де мойындамайды. Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті. Бұл ӘРПК-нің қағидаттарының бірі болғандықтан оны жүзеге асыру керек. Меніңше, мемлекеттік кірістер органдарының өкілдері қандай да болмасын шешім қабылдауға жоғары тұрған органдардан қорқады.

– **Әкімшілік әділет институтын жандандырып, жария-құқықтық даулардың алдын алу үшін алдағы уақытта қандай жұмыстар қолға алынуы керек?**

– Әкімшілік әділет институтының мақсаты – жария-құқықтық дауларды әділ қарап, халықтың сот, мемлекеттік орган жұмысына деген сенімін нығайтумен өзектес екенін ұмытпауымыз керек. Соған орай, алдағы уақытта тәжірибеде кездескен кемшіліктерге жол бермеу үшін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның талаптарын сақтауды қамтамасыз ету; судьялардың мұрындық болуымен жеке және мемлекеттік сот орындаушыларымен дөңгелек үстел, семинар сабақтарын өткізу; дауды сотқа дейін реттеу мақсатында аумақтық палатада келісім комиссиясын құру кезек күттірмейді.

Сондай-ақ әкімшілік соттарда бір-келкі тәжірибе қалыптастыру – халық сенімін нығайтудың басты тетігі. Сондықтан, сот отырысына әзірлік жұмыстарын тиісті деңгейде ұйымдастыру; барлық апелляциялық және кассациялық саты соттарында бұзылған және өзгертілген сот актілерін оқу орталықтарында судьялардың қатысуымен талқылау оң нәтиже береді деп сенемін.

– **Исатай Маратұлы, әкімшілік соттардағы мемлекеттік тілдің қолданысы қалай?**

– Қазақ тілі – қазақтың жаны. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін сот саласында ауқымды жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді. Судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, азаматтарға мемлекеттік тілде қызмет көрсетуі міндетті талап. Соттағы құжат айналымы да 100 пайыз мемлекеттік тілде жүргізіледі. Алайда, биылғы алты айда мемлекеттік тілде әкімшілік сотқа түскен істердің саны 36,4% ғана құраған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,3 пайызға аз. Өкінішке қарай, сотқа талап арыз қай тілде қабылданса, іс сол тілде қаралады. Бұл – заң талабы. Бірақ, біз қол қусырып отырған жоқпыз. Мемлекеттік орган өкілдерімен, адвокаттармен, заңгерлермен жүздесіп, талап қоюларды мемлекеттік тілде рәсімдеп, жолдаудың маңызын түсіндіріп, талап арыздардың мемлекеттік тілдегі үлгісін қалыптастыруға бастамасы болып келеміз. Сондай-ақ қарапайым халықтың да сотқа мемлекеттік тілде жүгіну дағдысын қалыптастыру маңызды. Қазақтың тіліне қазақтан артық ешкімнің жаны ашымайтынын түсіну керек.

– **Уақыт бөліп сұхбаттасқаныңызға рақмет. Әкімшілік соттың жұмысы жұртшылық көңілінен шыға берсін!**

Түймегүл ИБАШЕВА,  
«Заң газеті»

## ЦИФРЛЫ ДАМУ

# ШЫМКЕНТ – ИННОВАЦИЯНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ТІРЕГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауында Үкіметке бірыңғай ұлттық тұжырымдамалық «Digital Qazaqstan» стратегиялық құжатын әзірлеуді тапсырған еді. Бұл құжаттың мәні – цифрландыру, жасанды интеллект және инновация салаларындағы барлық бастамаларды бір арнаға тоғыстырып, олардың өзара тиімді үйлесімін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы тұрғыдан алғанда, Шымкент қаласы еліміздің цифрлық даму стратегиясын өңірлік деңгейде жүзеге асыруда көшбасшылыққа қол жеткізгенін атап өткен жөн.

Бүгінде қала әкімдігі халықаралық деңгейдегі «Dahua Technology», «HikVision» секілді ірі технологиялық компаниялармен әріптестік орнатып, урбанистік инфрақұрылымға жаңа буын цифрлық шешімдерді енгізуге басымдық беріп отыр. Бұл – қала тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға, қауіпсіздік пен қолайлылықты қамтамасыз етуге бағытталған нақты практикалық қадам екені сөзсіз. Мұны шаһардың цифрландыру және жаңа инновациялық технологияларды енгізудің басы-қасында жүрген мамандар да растап отыр. Олардың мәліметінше қалада соңғы уақытта цифрландыру көрсеткіштерінің қарқыны бұрнағы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай еселене түскен.

– «Smart City» жобалары аясында Шымкенттегі цифрлық қызметтердің қолжетімділігі соңғы екі жылда 55 пайыздан 76 пайызға дейін өсті. Ал ақпараттық технологияларды қолдану көрсеткіші 44 пайыздан 85 пайызға дейін артқаны мәлім болды. Мұндай серпінді көрсеткіштер – қаланың цифрландыру саясатының жүйелілігі мен нәтижелілігінің айғағы, – дейді Шымкент HUB аймақтық бөлім басшысы Құрманғазы Мұратов.

Шымкенттің тәжірибесі дәлелдегендей, цифрландыру – тек техникалық жаңғыру емес, ол басқару мәдениетін, қоғамдық қызмет сапасын және экономикалық тиімділікті арттыратын өркениеттік таңдау болғаны хақ.

## Интеллектуалды көлік жүйесі мен халықаралық логистика

Қазіргі заманғы мегаполистің даму деңгейін ең алдымен көлік және логистика жүйесінің тиімділігі айқындайды десек қателеспейміз. Бұл бағытта Шымкент соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген. Атап айтқанда өткен жылы қалада Интеллектуалды транспорттық жүйе толыққанды іске қосылып, немістің smartmicro компаниясы өндірген 200-ден астам радарлық сенсорлар орнатылған еді. Бұл заманауи құрылғылар көлік қозғалысын, тоқтау сызығын, жолдағы кезек пен ағын тығыздығын нақты уақытта өлшеп, деректерді орталық басқару жүйесіне дереу жіберуге мүмкіндік берген-ді.

Заманауи цифрлық технологияның бұл іргелі салада қолданылуының жемісі де көп күттірген жоқ. Жаңа интеллектуалдық жүйе арқылы жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бірден 244 негізгі қиылысты қамтыған автоматтандырылған жүйе бағдаршамдардың жұмысын дер кезінде реттеп, көлік қозғалысын икемді басқаруға мүмкіндік берген. Осылайша миллионнан астам халық тұратын аса ірі мегаполисте кептелістер азайып, экологиялық жүктеме төмендей түскен. Мұнымен қоса жолдағы қауіпсіздік деңгейі де едәуір артқаны анықталды.

Интеллектуалды транспорттық жүйе жобасы – технологиялық жаңалық қана емес, қалалық өмірдің сапасын арттыруға бағытталған



әлеуметтік-инженерлік шешімге айналғаны сөзсіз. Жаңа жүйенің көмегімен шаһардағы жедел жәрдем мен өрт сөндіру көліктеріне «жасыл дәліз» ашылып, төтенше жағдайларға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар, Шымкент халықаралық әуежайының жаңа мәртебесі де қала логистикасын жаңа деңгейге көтергенін атап өткен жөн. Әуежайға KZ/RA3/00004-01 нөмірінің берілуі оның Еуропаның RA3 деректер базасына енгізілгенін айғақтайды. Яғни, ендігі кезекте Шымкенттен Еуропа елдеріне жүк тасымалдау кезінде транзиттік тек-

## Болашақтың жаңа парадигмасы

Жасанды интеллект – ХХІ ғасырдың экономикалық және әлеуметтік трансформациясының жүрегі болуы тиіс. Президент жолдауында бұл бағытқа ерекше мән берілуі тегін емес. Бұл орайда Шымкент қаласы да бұл үдерістен тыс қалмағанын атап өткен жөн.

Қалада жұмыс істейтін «Shymkent HUB» инновациялық орталығы – жасанды интеллект пен ІТ стартаптарды дамытуға арналған өңірлік басты платформаға айналып үлгерген. Ор-

талық жетекшісі Құрманғазы Мұратовтың айтуынша, басты мақсат – жастардың технологиялық әлеуетін арттыру, инновациялық жобаларды нарыққа шығару және кәсіпкерлікке жаңа серпін беруге баса назар аударылған.

– Жыл сайын 170-тен астам іс-шара өткізіліп, Стартап академиясы, ноу-код курстары, хакатондар мен тегін бағдарламалау курстары ұйымдастырылады. Мысалы, «Стартап Орда» жобасы жас мамандарға екі ай ішінде өз идеяларын нақты өнімге айналдыруға мүмкіндік береді, – дейді Құрманғазы Мұратов.

Бұл бастамалар Шымкентті еліміздің инновациялық экожүйесіндегі маңызды ойыншыға айналдырған. Қалада жасанды интеллектті қолдану мәдениеті қалыптасып, ол мемлекеттік қызмет, денсаулық сақтау, білім және кәсіпкерлік салаларына барынша жылдам қарқынмен еніп келеді.

Сонымен қатар, цифрландырудың этикалық және құқықтық қырлары да назардан тыс қалмағанын атап өткен жөн. Қалада «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы аясында азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру, заңға бағыну, құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік қалыптастыру бағытында да жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

Бұл – технологиялық прогресті адами құндылықтармен үйлестірудің нақты мысалы екені даусыз. Яғни, Шымкент тек цифрлық емес, сонымен қатар саналы және жауапты қоғам қалыптастыру идеясын да оң үйлесіммен жүзеге асырып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Digital Qazaqstan» идеясын жүзеге асырудағы шымкенттік тәжірибе – ұлттық стратегияның өңірлік деңгейдегі нақты үлгісіне айналған. Интеллектуалды көлік жүйесі, халықаралық әуежайдың жаңа мәртебесі, «Shymkent HUB» сияқты инновациялық алаңдар, сондай-ақ құқықтық сананы нығайту бағытындағы бастамалар – барлығы да ақылды, қауіпсіз және инновациялық Қазақстанның құрылымдық бөлшектері болары сөзсіз. Яғни, Шымкент бүгінде тек оңтүстіктің экономикалық орталығы ғана емес, елдің цифрлық өркендеуін алға сүйрейтін өңірлік қозғаушы күшке айналып отыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

# ҚҰҚЫҚТЫҚ АХУАЛ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ ЖІТІ НАЗАРЫНДА

Алаяқтық бүгінде қоғам дертіне айналды. Күн сайын республиканың түкпір-түкпірінен интернет алаяқтарға алданып қалған жүздеген адамның арыз шағымы жария болады. Бұл дерт қазіргі таңда Жетісу облысын да айналып өткен жоқ. Жетісулық құқық қорғау қызметкерлері интернет алаяқтықпен күресте бір сәт дамылдаған емес.

Облыс аумағында бұл індетпен кешенді күрес жүргізіліп отырса да көпшілік аталмыш қылмыстың құрығына жиі түседі. Осы себептерді негізге алған облыстың атқарушы билігі құқықтық жүйемен бірлесе жүріп арнайы құқықтық сауатты нығайту шараларын атқаруда. Алайда қарапайым халыққа еш әрекетсіз, адал еңбексіз көлденең жатқан қаражат, пайда жоқ екенін түсіндіру бүгінгі таңда оңай болмай тұр.

Мәселен, жақында жергілікті тәртіп сақшылары Жетісу облысында BMW X7 көлігі бар 23 жасар киберқылмыскерді құрықтады. Жас жігіт OLX арқылы көптеген тұрғынды алдаған болып шықты. Ол сайтқа жалған хабарландыру беріп, Kaspi қосымшалары арқылы несие рәсімдетіп, көптеген азаматтардың есепшоттарын тонаған.

Жетісу облысының прокуратурасы да алаяқтармен күресте белсенді жұмыс атқаруда. Олар полиция өкілдерімен бірлесе отырып, киберқылмыстарға тосқауыл қою мақсатында кешенді бағдарламаларды қолға алды. Жүйелі жүргізілген жедел-тергеу іс-шарала-

рының нәтижесінде интернет-алаяқтықпен айналысқан тағы бірнеше азамат қолға түскен. Олардың бәрі дерлік әртүрлі әлеуметтік желілерді пайдаланады. Мәселен, жақында қолға түскен күдіктіні тінту барысында одан iPhone 16 Pro маркалы ұялы телефон, BMW X7 автокөлігі, сондай-ақ шетелдік байланыс операторларының төрт SIM-картасы тәркіленген. Облыстық ПД хабарлауынша, тергеу деректеріне сәйкес, күдікті OLX платформасын пайдаланған. Сол жердегі жалған жарнама арқылы бірнеше азаматты несие рәсімдеуге көндірген, оларды дропперлікке тартқан.

Жетісу облыстық Полиция департаментінің білікті мамандарының өндірісінде мұндай ұқсас сипаттағы қылмыстар көп. Полиция өкілдері тұрғындарға, қарапайым кез келген азаматқа, кәмелеттік жасқа толған-толмаған жасөспірімдерге өз құжаттарына, жеке басына берілген банктік есепшоттарға мүқият, сергек болуға шақырады. Қандай да бір мекеменің, жергілікті құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің, республикалық бірінші немесе екінші дәре-

желі банктердің өкілдерінің, әлдеқандай қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің атын жамылған алаяқтардың қоңырауына алданып қалмауына, бірден әр қоңырауға сын көзбен қарауына, қажет болған жағдайда аталмыш құзырлы органдардың мекемесіне арнайы барып тексеруге шақырады. Қазіргі таңда ең өзекті, ғасыр қылмысына айналып отырған кез келген сипаттағы алаяқтықпен бірлесе күрескенде ғана нәтиже шығады. Алаяқтықтың асқинуына осындай мәселелердегі бейқамдық себеп болуда. Сондықтан ортақ күресте кез келген қазақстандықтың белсенділігі маңызды.

## «УЧАСКЕ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Жетісу облысында республика көлемінде өтіп жатқан «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шара барысында полиция қызметкерлері ҰҚҚД және прокуратура өкілдері бірлесе іс-қимылдар жасауда. Тиісті мекеме өкілдері осы шара аясында жасөспірімдерді тіркелмеген діни ағымға тарту әрекетін анықтап, қылмыстың жолын кесті. Жетісу облысы ПД баспасөз қызметінің таратқан мәліметіне сүйенсек, рейд барысында жатақхана ретінде пайдаланылған бөлмелерден шетелдік діни кітаптар мен оқу

материалдары табылған. Заңсыздыққа жол берушілер бұған дейін өздерін қайырымдылық қоры немесе балалар пансионаты ретінде көрсетіп, жасырын сабақтар өткізіп келген. Бұндай заңсыздық жыл басында да орын алған. Ол оқиға барысында Талдықорған қалалық сотының шешімімен осындай жалған қайырымдылық ұйымдары мәжбүрлі түрде таратылған. Соңғы тексерістер нәтижесінде кәмелетке толмағандарға заңсыз діни сабақтар өткізген ұйымдастырушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды; тұрғын үйде тіркеусіз тұрған төрт «ұстазға» қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылды; жасөспірімдердің ата-аналары балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін жауапқа тартылды; ата-анасы басқа өңірде тұратын бір жасөспірім кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастырылды.

Қазіргі уақытта аталған тұлғалардың әрекеттеріне қатысты тексеру жалғасуда. Нәтижесінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес процессуалдық шешім қабылданады.

Полиция жасөспірімдерді заңсыз діни сабақтарға тарту – заңды өрескел бұзу екенін және ол үшін жауапкершілік қарастырылғанын ескертті.

Өңірдегі құқықтық ахуал жергілікті құқық қорғаушылардың жіті назарында. Полиция қызметі жергілікті тұрғындармен жұмыс барысында олардың қоғамдық тәртіпті бұзбауына, қылмыстық деректерге сергек қарауға шақырады. Қоғам қауіпсіздігі әр азаматтың жеке белсенділігінен басталады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

## БАЙҚАУ

# «ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҒЫНА ОНЛАЙН-ДАУЫС БЕРУ БАСТАЛДЫ

2025 жылғы 6-15 қазан аралығында Qazvolunteer.kz бірыңғай онлайн-платформасында «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығының алғашқы кезеңі – онлайн-дауыс беру өтеді. Техникалық іріктеу қорытындысы бойынша байқауға 174 үміткер қатысып жатыр.

Аталған сыйлық Мемлекет басшысының бастамасымен тағайындалып, волонтер мәдениетін дамытуға, азаматтық жауапкершілік алып, әлеуметтік және қоғамдық маңызды мәселелерді шешуге зор үлес қосқан волонтерлерді ынталандыру және қолдауға бағытталған. Бес жыл ішінде сыйлықты Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресейден 247 волонтер жеңіп алды.

2025 жылы сыйлық 15 номинация бойынша табысталады. Олар кең волонтерлік қызмет ауқымын қамтиды. Оның ішінде әлеуметтік жобалар мен білім беру, жануарларды қорғау және экологиялық шараларға дейінгі бастамалар бар.

Әрбір қазақстандық дауыс беруге қатысып, қоғамды дамыту үшін күн сайын азаматтық ұстанымынан таймай еңбек етіп жүрген волонтерлерге қолдау көрсете алады.

«Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы Қазақстанда ғана емес, шекарадан тыс жерлерде де үздік тәжірибелер мен волонтерлік қозғалыс көшбасшыларын дәріптейтін маңызды платформаға айналып келеді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

## Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

## Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

*жеке тұлғалар үшін – 65921,*

*заңды тұлғалар үшін – 15921*

✉ zanreklama@mail.ru

## ТАРАТУ

2. «Parasat Project Consulting» ЖШС, БСН 241140006033, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, А.Храпатый көшесі, 12-үй, 55-пәтер, тел. 8 771 110 3090.

3. «Сабит и Компания» ЖШС, БСН 110540003163, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Мерке ауылы, Исмаилова көшесі, 173-үй мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 707 585 31 32.

4. «Сеитов и МК» ЖШС, БСН 070240009062, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Мерке ауылы, Исмаилова көшесі, 208-үй мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 707 585 31 32.

5. «Ломбард Президент» ЖШС, БСН 130340023808, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Мерке ауылы, Исмаилова көшесі, 173-үй мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 707 585 31 32.

7. «Интернет-ритейл» ЖШС, БСН 130140015621, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзаков көшесі, 280-үй, тел. 8 708 801 31 30.

8. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Алтынсарин ауданы білім бөлімінің Ново-Николаев бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 010740002250) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, 110101, Алтынсарин ауданы, Большая Чураковка ауылдық округі, Новониколаевка ауылы, Школьная көшесі, 6-ғимарат . Тел. 8 747 034 00 52.

14. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

**Конкурстың өткізілетін орны:** Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 10, «Kazyna Towers» әкімшілік ғимараты.

**Кәсіпорынның орналасқан жері:** 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық даңғылы, 18.

**Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:** халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету.

**Конкурс мүшелеріне қойылатын талаптар:** жоғары білімі, сондай-ақ мынадай талаптардың біріне сәйкес келуі:

1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі;  
2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерде мүшелік.

2. Байқау кеңесінің мүшесі ретінде:  
1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;  
2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;  
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;  
4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және жекежаттық қатынастағы адам сайланбайды.

**Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);

9. «Акжол Строй Сервис» ЖШС, БСН 120340020089, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәнкібай батыр даңғылы, 4А үй, тел. 8 777 800 7332.

10. «ШАТ-2004» ЖШС, БСН 040740004527, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе қаласы, Бр. Жубанов көшесі, 289-үй, 1-корпус, 64-пәтер, тел. 8 777 800 7332.

13. «Aslnaz group» ЖШС, БСН 230540043682, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Казталовка ауданы, Жалпақтал ауылдық округі, Жалпақтал ауылы, Қараөзен көшесі, 8-үй.

18. «Batyr\_avto\_zakazkz» ЖШС, БСН 250540030634, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Кентау қаласы, Кенен Әзірбаев көшесі, №24 үй, тел. +7 707 190 9494.

20. «Кредитное товарищество «Батыс Сенім» ЖШС, БСН 120540007990, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Зеленовский ауданы, Мичурин ауылдық округі, Мичурин ауылы, Камсамол көшесі, 65-үй.

21. «Ұлытау» ЖШС-і, БСН 070940007745, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазыбек би ауылдық округі, Құрбаната ауылы, А.Жумадуллаев көшесі, 3-үй.

## ӨРТУРА

6. «ЛЕТО БУКЕТО» ЖШС, БСН 200540014732, шыққан қатысушыларының үлесін төлеу арқылы өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларына жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Шахтер даңғылы, 52А үй, тел. 8 776 146 66 77.

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;  
3) өмірбаян (еркін түрде);  
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;  
6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;  
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Құжаттарды қабылдаудың басталатын күні мерзімді баспасөз басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналыстырылған күні болып айқындалады.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 10, «Kazyna Towers» әкімшілік ғимараты мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне ұсынылуы тиіс.

Конкурсты өткізу күні – конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейінгі жұмыс күні.

Кандидаттың конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінде әңгімелесу жүргізіледі.

15. «Lux Service Astana 2009» ЖШС қатысушыларына хабардар етеді, «18» қараша 2025 ж. Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтеді, жиналыс сағат 10.00-де басталады және қатысушыларының бірлесіп қатысуы түрінде оффлайн (келу) тәртібімен өткізіледі. Жиналыс мына мекенжайда өтеді: ҚР, Алматы қ., Бостандық ауданы, Мыңбаев көшесі, 53 үй, 2 қабат «Avenue Coworking», конференц-зал. Осыған байланысты, қатысу үшін қатысушылар «18» қараша 2025 ж. сағат 09.45-ке дейін тіркеуден өтуі қажет. Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілді:  
1. Серіктестік қатысушысы Пилишвили Ирма Николаевнаның «Lux Service Astana 2009» ЖШС жарғылық капиталындағы үлесін сату, бұл үлестің серіктестік жарғылық капиталындағы 60% (алпыс пайызын) басқа қатысушыларға сатып алудың артықшылық құқығын сақтай отырып үлесін сату;  
2. Серіктестік серіктесі Оспанов Арман Ислямовичтің «Lux Service Astana 2009» ЖШС жарғылық капиталындағы 10% (он пайызын) басқа қатысушыларға сатып алудың артықшылық құқығын сақтай отырып үлесін сату;  
3. Серіктестіктің заңды мекенжайының орналасқан жерін өзгерту;  
4. Серіктестік қатысушыларының құрамы өзгергеніне байланысты «Lux Service Astana 2009» ЖШС Жарғысын жаңа редакцияда бекіту және қол қою;  
5. Серіктестер құрамы өзгергеніне байланысты «Lux Service Astana 2009» ЖШС-ын мемлекеттік қайта тіркеу.

11. «QazExpoCentre – Pipe» ЖШС (БСН 040240001775), «QazExpoCentre» ЖШС-не (БСН 220440026835) бірігуі арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Орал қаласы, Ружейникова көшесі, 11А құрылысы.

12. «QazExpoCentre» ЖШС (БСН 220440026835), «QazExpoCentre – Pipe» ЖШС-не (БСН 040240001775) бірігуі арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран қиылысы, 21/6-ғимарат, н.п. 7.

16. Астана қаласы МАЭС-інің 01.10.2025 жылғы анықтамасымен «Iservn» ЖШС-ге оңалту рәсімін қолдану бойынша өндіріс қозғалды (БСН 141140025732). Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 8-үй, В кеңсесі, тел.: +7 707 350 6307, (Астана қ. МАЭС судьясы А.К. Құсманованың хатшысының нөмірі – +77780105790)

17. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzpf000000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау аралық инвестициялық пай ережесіне сай №4 қосымшаның 9.1-тармағына сәйкес, 10.10.2025 9:00 -19.10.2025 18:00 Астана қаласының уақытымен жалғасады.

19. «МТУ КВАРЦ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлайды. Күн тәртібі: 1. «МТУ КВАРТС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және Серіктестік директорының есепті кезеңдегі жұмысы туралы. 2. Серіктестіктің директорын және бақылау кеңесін сайлау. Жиналыс 2025 жылғы 5 қарашада сағат 10.00-де Қарағанды қаласы, Орлова көшесі, 26 мекенжайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу уақыты-9.00. Анықтама телефоны: 8 (7212) 420005.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

## БАЙҚАУҒА

Қараша. Күн жаумаса да бір дымқыл сыз бар. Таң ата Қазына ауылының үстін қалың тұман басты. Аудағы иіс – түтін мен дымқыл топырақтың аралас иісі. Бұл кезде ешкім көшеде ұзақ жүргісі келмейтін.

Ертерек тұрған Сәрсенкүл сиыр саууға далаға шыққанда, көрші Тұрысбайдың иесіз қалған үйінен түтін шығып жатқанын байқап қалды. «Мынау түтін бе, басқа ма? Көзіне сенбей, біраз тұрып қалды. Үйдің мұржасынан жіңішке көкшіл түтін бұрқырап көкке көтеріле берді.

– Бұл үйге біреу кірген бе? – деп күбірледі ол.

Тұрысбай шал осыдан екі ай бұрын қайтыс болған еді. Ол үйде жалғыз өзі ғана тұратын. Туыстары, балалары не әйелі жоқ еді. Содан бері үй бос тұрған. Есігі құлыптаулы, терезелерін мал, не ойнаған балалар сындырып кетпесін деп тақтай қағып тастаған еді көршілері. Енді сол үйдің мұржасынан түтін шыққаны... Біртүрлі түсініксіздеу...

Ол дереу учаскелік полиция өкілі Шәріпке хабарласып, болған жәйтті жеткізді. Аудан орталығынан алыс орналасқан бұл ауылға келудің өзі біраз уақыт алатын. Қатты жүрсе керек жарты сағат өтпей Шәріп те жетіп, Тұрысбайдың үйі алдына тоқтады. Ол алдымен үйдің ауласын шолып шықты. Үй есігі ашық. Құлып бұзылған. Ескі ағаш есік желмен ашылып жабылып сықыр-сықыр етеді. Сыртта жан баласы көрінбегесін ол үйге кірді. Үй салқын, бірақ пеш ыстық екен. Пештің айналасы күл, ал пештен күйген иіс мұңкіп тұр.

Шәріп қол шамын жақты да, пешке үңілді. Әуелі көмір сияқты көрінген нәрсені көзі шалды да, дереу қолғап киіп, темір қысқышпен күлді түртіп қарай бастады. Сол кезде темір қысқыш күл арасынан бір нәрсені іліп алып шықты. «Тас па екен?» – деп ойлап, қолымен түртті де, әлгіні үрлеп жібергенде... Шошып кетіп, бойын тіктеді. Көзі шарасынан шықты. Бұл – адам саусағы еді. Дерек аудандық полиция бөліміне хабарласып жедел тергеу тобын сұратты.

Облыстық ПД-нің басшылары қылмыстың ауырлық дәрежесіне қарай және резонансты іс болғандықтан, бұған аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші полковник Қайсенов Абылайды арнайы жіберуге шешім қабылдады. 42 жастағы Қайсенов Абылай отбасылы, полиция академиясын үздік бітірген, бойы сұңғақ, көзі өткір, адам байқамайтын кішкене детальдарға мән беретін, тік мінезді, өз ісінің маманы еді. Алайда оның бір аптадан кейін демалысқа шығатыны, Астана қаласында тұратын әке-шешесіне бармақшы екені жайлы басшылар білгенмен, бұл істі басқа тергеушіге сеніп тапсырудың өзі қиын, мұндай күрделі істі ашу тек тәжірибелі маманның ғана қолынан келері белгілі еді.

Қызметтік телефон шырылдады. – Қайсенов Абылай тыңдап тұр! – Қайсенов, маған жолығып кетші, саған тапсырма бар – деді облыстық ПД бастығының тергеу жөніндегі орынбасары Әділжан Баймұратов.

– Құп болады! – деп Абылай дереу қызметтік кітапшасын ала басшы кабинетіне беттегенде «Осы күл арасынан табылған саусақ үшін шақырып жатқан секілді. Менің келесі аптада еңбек демалысына шығуым керек екенін білетін еді ғой...» – деген ойда еді. Сәлден соң ол Әділжан Баймұратов кабинетінің есігін қақты.

– Кіріңіз. Абылай... жақынырақ отыр!

– Тыңдап тұрмын! – Абылай! Сенің келесі аптада еңбек демалысына шығуың керек екенін білемін. Алайда оны кейінге қалдыруға тура келер. Қазына ауылында пештегі, күл арасынан саусақ та-

былып жатыр. Осы істі ақырына дейін жеткізіп барып еңбек демалысына шығуға қалай қарайсыз?

Абылай әке-шешесін көруге асыққан болатын, алайда басшылықтың өзіне сенім артқаны оны жігерлендіріп:

– Құп болады! Іске қатысты түпкілікті шешім қабылдаған соң, сізге баян-

арасында сақинасы бар сұқ саусақ жатыр. Саусақ шамамен 8-10 см, от сақина болған соң саусақты толық өртей алмаған. Шамасы күл астында қалып от толық тимей қалды-ау. Буындары мен тырнақ қалдығы байқалады. Саусаққа қарап, адам денесі ірі екенін болжауға болады. Бірақ адам өртелсе бұл жерде күл көп болушы еді. Дерек саусақты алып, дактилоскопиялық іздер алып, ары қарай медициналық сараптамаға жіберді. Үй ішінде басқа ешнәрсе жоқ.

керек деп солай қарай бет алды. Көне үй. Қабырғалардан сыз сезіледі. Ішке кіргенде оның бірден аңғарғаны – заттар орнында, ұрлық болмаған. Ас үй үстелінде су құюлы шәйнек, тоңазытқышта қуырылған тауық тұр. Төргі бөлме есігінен коридорға шығар есікке дейін іздер байқалады – бұл жерден асығыс кеткен адам болмағаны байқалады. Бірақ ең таңғаларлығы – жатын бөлмеде үстелдің үстінде қарасиялы қаламсап жатты. Бояуы үстел үстіне жұққан, жазылғаны анық, бірақ

– Қай Ғалымжанды айтып отырсыз және оны неге енді айтып отырсыз?


– Ол әңгімені естігенім кеше ғана, пеш ішінен табылған саусақтан соң, ал, Ғалымжан дегеніміз Назаров қой. Басқа сұрағың болмаса мен тіршілігіме оралайын.

– Иә, рақмет, қосымша сұрақтарым болса қайта келермін.

Осы сәтте Абылайдың ұялы телефонына хабарлама келіп түсті. Онда ауыл тұрғындары айтып жүрген қаңғыбастың полиция бөліміне жеткізілгені айтылыпты. Абылай дереу қалаға бет алды. Бөлімге жетісімен қаңғыбасты шақыртты. Қаңғыбас Рашид Омаров деген 1965 жылы туған, бойдақ, тұрғылықты мекенжайы жоқ, әбден тағдырдың тауқыметіне түсіп қажыған адам екен. Жауап алу барысында оның тек азанда бөтелке теретіні, кешке араққа тойып ішетіні белгілі болды. Бұл біреудің саусағын кесіп алмақ түгіл, өзін әрең көтеріп жүрген адам, яғни, бұл емес деген ойға келді Абылай.

Енді кезек Ғалымжанға келді. Ғалымжан – ауылдағы жалғыз дәнекерлеуші, төрт баланың әкесі, жұртқа ашық көрінгенімен, Даниярмен аралары жақсы еместігін ел айтып отыр. Абылай оны учаскеге шақыртты. Ескі болғанмен жағдайы жақсы «Москвич» көлігімен келген Ғалымжан ештеңеден бейхабар кейіпте. Таза киінген, сақал-мұрты алынған, көзі өткір.

– Ғалымжан мырза, отырыңыз! Сізден Данияр жайлы сұрайын деп едім. Соңғы рет оны қашан көрдіңіз?



# КҮЛ АСТЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚ

дай-мын, – деп бөлмеден шығып кетті.

Ол іссапарға шыққан ауыл да, ол ауыл қарайтын аудан орталығы да облыс орталығына алыс емес болатын. Арада жарты сағаттай уақыт өткенде жедел тергеу тобының автокөлігі Қазына ауылындағы оқиға орнына жетті.

Болған жәйтті Шәріп баяндап болысымен Абылайдың бұйрығымен Тұрысбайдың үй ауласы лентамен толық қоршалды, өзі оқиға орнын қарап тексеруді бастап кетті. Үй ауласынан тергеу қызығушылығын тудыратын дәлелдемелер таппаған соң, ол үй ішіне кірді. Үй асуді қосқанда екі бөлмелі, орындық пен үстел, көне жиһаз бен көне пеш. Тек адамның аяқ іздері бар, заттар шашылмаған, барлығы өз орнында. Үй ішінде төбелестің де белгісі жоқ, қан немесе өзге белгілер байқалмайды. Пеш айнала-сы шашылған күл. Бәлкім учаскелік полиция қызметкерінің пешті қаруынан кейінгі салдар шығар.

Ол пештің ішін қарай бастады. Қабырғалары ыстық, мұндай ыстық тек көмір жаққан кезде ғана болады, ал ағаштан бұндай қызу шықпайды және пеш осыншама уақыт қызып тұрмайды. Яғни, біреу әдейі от жаққан сияқты. Көмір қайдан келген? Не үшін от жаққан? Неге осы үйде? Сұрақ көп...

Пештен біртүрлі иіс шығады, Абылай бұл иіспен бұрын да кезіккен еді. Иә, бұл күйген сүйектің иісі болатын. Ол бұл иісті еш нәрсемен шатастырмас, мұны тек мәйіттермен жұмыс жасаған адамдар ғана түсінеді. Сүйектің өзіндік, тек өзіне ғана тән иісі болады. Оны сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Пеш ішінде толық өртеніп біткеннен кейінгі күл ғана қалған. Күлдің

Сол күні кешке ауыл іші гү ете қалды. Әркім әртүрлі болжам айтып жатты:

– Данияр жоғалған еді ғой, соны өлтіріп пешке жаққан шығар...

– Мына жақта баяғыда бір қаңғыбас жүретін, сол шығар...

– Жын-пері болмағай...

Абылай оқиға орнынан оралған соң, аудандық полиция бөліміне хабарласып, ауылда із-түзсіз жоғалып кеткен адамдар туралы деректерге сұрау салды. Арада жарты сағат өткенде алғашқы мәлімет келді. Екі апта бұрын Қосмұрынов Данияр есімді ауыл тұрғынының жоғалып кеткені тіркелген екен. Бұл екі бөлек іс болғанымен, бір адамға қатысты секілді. Дерек саусақтың Даниярға тиесілі ме, жоқ па екенін анықтау үшін ДНК сараптамасына жіберілді.

Данияр – отыз сегіз жаста, жалғызбасты, ауданға жақын тұстағы шахтада жұмыс істейтін, жұмысынан ешқашан қалмайтын, көп сөйлемейтін тұйық, тәртіпті, бірақ көпшілікпен араласа бермейтін жігіттердің бірі болатын. Шешесі ерте қайтқан, ал әкесінің бұларды тастап қалаға кетіп қалғанына жиырма жылдан астам уақыт өткен. Туған-туысы жоқтың қасы. Ауыл тұрғыны Айжан Шөкеева деген әйел оның жоғалғанын алғаш байқаған.

Бұған бастапқыда ешкім мән бермей, «Қалаға кеткен шығар», «Жұмыспен жүр» дегендей сөздер айтылып жүрді. Тек үш күн өткен соң ғана, оның телефоны сөнгені, ешкімге хабарласпағаны, тіпті банк картасынан да ешқандай әрекет болмағаны жайлы жедел уәкілдің баянаты тіркелген. Оны қайтып келер деген оймен қылмыстық істі дұрыс термеген екен.

Абылай тергеуді алдымен Даниярдың үйін қарап, тексеруден бастау

қағаз жоқ. Ол керееут маңынан

қоқыс салған пакет тауып алды. Ішінде умажалған парақ жатыр екен. Парақты ашып қарай бастағанда қарасиямен жазылған: «56 240.19» деген сандарды оқыды.

Абылай терең дем алды. Бұл сандар нені білдіреді? Біреуге қарыз ақшаның сомасы ма? Әлде басқа ма? Бұл сандар – мәселенің түп тамырына сілтеме сияқты. Осы жазудан бастап тергеу мүлде басқа бағытта өрбіді. Оның нақты Даниярдың қолтаңбасы екенін анықтау үшін қолтаңба сараптама тағайындауға жіберілді.

Келесі күні оқиға жайлы Айжаннан қайта жауап алу үшін Абылай Қазына ауылына барды. Айжанның үйіне келгенде есік алдындағы скамейкада отыздың жуан ортасындағы әйелдің инемен ер адамның киімін жамап отырғанын көрді. Абылай Айжанның бойдақ, қарапайым жан екенін істен оқыған. Ойға келген күдікті ысыра ол:

– Саламатсыз ба, Айжан апай! Мен тергеуші Қайсенов Абылаймын. Жоғалып кеткен Данияр жайлы қосымша сұрақтар қоюға келіп едім, – деді танысуын бастап.

– А-а-а, иә, кел отыр. Бірақ бар білетінімді бұрын айттым ғой, басқа қосарым жоқ, – деді Айжан.

– Сіз Даниярдың біреумен төбелескенін, жанжалдасқанын, әлде қарыз болғанын, болмаса мінез-құлқында өзгерістер болғанын байқадыңыз ба?

– Мен өз үйімнің тіршілігімен жүремін, біреудің үйін бақылап нем бар? Тек Данияр үйінде жоқ екенін біраз уақыт өткесін, малды өріске, жоғары тау бөктеріне шығарып жатқанда ғана байқадым.

– Басқа ешқандай күмәнді зат байқамадыңыз ба?

– Ауыл әйелдерінің әңгімесінен оның Ғалымжанмен қатты дауласып қалғаны жайлы естідім. Бәлкім, өсек болар. Өзім көрген емеспін.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.

Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5960 дана Апталық таралым 11920 дана

Тапсырыс №150 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zankmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали

8 707 851 91 13.

Алматы Алматы

Облысы Нұрбол Әлдібаев

8 701 357 66 84.

Ақтөбе Жансая Есмағанбетова

8 705 398 62 83.

Атырау Боранбай Ғалиев

8 775 543 03 80.

Маңғыстау Жазира Әбіл

8 702 514 54 44.

Облысы Гүлбану Мақажан

8 701 697 39 86.

Қызылорда Сейітхан Құлмаханбетов

8 707 721 19 59.

Облысы Шадиар Мекенбайұлы

87757335665

Батыс Нұрлыбек

Қазақстан Рахманов

Облысы 8 707 177 80 70.